



Ақмешіт

7 қыркүйек
сейсенбі
№71 (1773)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Жолдаудың негізгі мақсаты – халық әлеуетін көтеруге бағытталған.

ДАҒҒЫЛ ЖОЛҒА БАСТАЙТЫН СОҚПАҚ



Биыл егемен ел атанып өз алдына дербес мемлекет құрғанымызға 30 жыл толып отыр. Осы жылдар бедерінде мемлекетіміз талайға үлгі боларлық ынтымақ пен бірліктің ордасына айналды.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ – ҚАЛАНЫ ЖЫЛУМЕН ҚАМТУ

Қала әкімдігінде облыс әкімінің орынбасары Серік Сұллейменов пен шаһар басшысы Ғанибек Қазантаевтың басшылығымен мәжіліс өтті.

Бірқатар басқарма басшылары, қалалық бөлімдер мен коммуналдық мекемелердің басшылары қатысқан мәжілісте коммуналдық мәселелердің өзекті тұстары мен жылу маусымына дайындық жұмыстары талқыланып, оны шешу жолдары қаралды. Жиында жол, су, жарық, жылу, газ, тұрғын үй құрылысы және тасымалдау саласы бойынша түйткілді мәселелер талқыланды. Алдымен шаһардың жылу беру маусымына дайындығы пысықталды.

Биыл жылу беру маусымы жылдағы кестеге сай 15 қазаннан басталады. Бүгінде орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған нысандардың 83,5% қысқы маусымға дайын деген облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқарма басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жоламанов қалған аумақ жылу қабылдауға



қазан айының басында толығымен дайын болатынын жеткізді.

Бүгінгі таңда қала бойынша көпқабатты тұрғын үйлердегі ақауларды ретке келтіру, өжіре ішіндегі тозығы жеткен жылу құ-

бырларын және вентильдерін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар қалалық әкімдік мамандары тарапынан көпқабатты тұрғын үйлерге зерттеу жұмыстарын жүргізіп, анықталған ақауларды қалпына

келтіріп, өжіредегі суды насос арқылы тазартып, жөріршілік ақаулары бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, жылу маусымына дейін толық аяқталып, мерзімінде қосылатын болады.

Бұл ретте облыс әкімінің орынбасары Серік Жүсіпұлы қаланы жылумен қамту ертерек басталуы қажет екенін баса айтып, дайындық жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.

Жиында ортаға салынған жол құрылысы, су жүйесі, жарық желісі және газ мәселелері бойынша ұсыныс-пікірлер де тыңдалды. Мәжілісті қорытындылай келе шаһар басшысы қала бойынша жылу желілерінде соңғы жұмыстар жүргізіліп жатқанын және бұл жұмыстар жуық арада аяқталатынын айтты.

Қала басшысы мәжілісті қорытындылай келе көтерілген мәселелердің шешілуі мен берілген тапсырмалардың хаттамаға сәйкес облыстық басқармалармен бірлесе атқарылатынын жеткізді.

А.НУРАҒАЛИ

ҚОШ КӨРДІК, ӘЛІППЕ!

Биыл оқу жылындағы басты жаңалық – білім саласына әліппе қайта оралды. Иә, бұған оқушылар да, мұғалімдер де, ата-аналар да қуанды. Себебі осыған дейінгі қоғам арасында біраз талқыға түскен «Сауат ашу» оқулығындағы кеткен қателіктерден шаршаған, баласының болашағына алаңдаған жұрттың көңілі енді орнына түскендей.



МИНИСТР СӨЗІМЕН БАСТАСАҚ...

Асхат Аймағамбетов, ҚР Білім және ғылым министрі: – Бірінші қыркүйекте өтетін біздің бірінші сыныпқа алғаш рет мектеп табалдырығын аттап келіп отырған оқушыларға біз салтанатты түрде әліппені қолына ұстатуымыз керек. Ол – осындай бір жақсы дәстүр. Әліппе деген баланың ең алғашқы оқулығы. Ең алғашқы кітабы. Сондықтан біз алдыңғы жылы айтқандай әліппені дайындадық. Жапсы әліппе дайын. Өңірлерге жеткізіліп жатыр. Міне, әліппе де, букварь да, ана тілі де дайын, – деген болатын. Министр сөзінде тұрды. Балалар әліппемен қауышты.

Білім негізі мектепте қаланады, ал мектеп табалдырығын аттаған жас шәкірттің қолға ұстайтын алғашқы кітабы – әліппе. Ендеше, әліппені бар кітаптың атасы деуге әбден лайық. Алайда осыдан бірнеше жыл бұрын

әліппе мектеп бағдарламасынан алынып, орнына «Сауат ашу» оқулығы енгізілген еді. Қоғамның қызу талқысынан кейін тарихи қателік түзелгендей. Салалық министрлік Ахмет Байтұрсынұовтың әдістемесіне сүйене отырып, жаңа нұсқасын дайындады.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұов құрастырған бұл кітап 100 жылдан астам уақыт ішінде қазақ үшін құнды оқулыққа айналды. Қазақ тіліндегі «Әліппе» сөзі арабша «әліп» (алиф) пен «би» әріптерінің тіркесуінен келіп шыққан. Ғұлама ғалым қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алған. Алғашқы әліппе «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде кең қолданысқа ие болды. 1925 жылы Ахмет Байтұрсынұовтың әдістемелік жаңалықтарды ескере отырып, қазақ бастауыш мектептеріне арналған жаңа әліпби ұсынды. Оқулық өз заманына лайық әліппе жасаудың озық үлгісі болған.

4 БЕТТЕ

#qazaqstan30

ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН ӨНІР

«Сыр елі – жыр елі» деген сүбелі сөз бекер айтылмаса керек-ті. Алашқа ана атанған киелі өңір – небір саңлақтарды тудырып, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Қойнауына құя қонған қасиетті өлкенің топырағын түртіп қалсаң ән-жыр болып төгіледі. Сонау түркі әлемінің абызы атанған Қорқыт бабадан басталған ұлы өнер керуені күні бүгінге дейін дәріпті жалғасын тауып келеді. Тұран төрінен қанат қағып, күллі қазақ даласының көгінде қалықтап жүрген таланттарымыз қаншама?!

Бір жағы айдынды Арал өлкесімен екінші басы қарт Қаратау етегін жайлай қоныстанған Жаңақорған ауданы аралығындағы жеті ауданның ән-жыры түгесілген емес, түгесілмейді де. Егемен ел атанып, еңсемізді тіктегелі Сыр өңірінің мәдениеті жаңа қырынан танылып, екінші тынысы ашыла түскендей.



ҚОРҚЫТ АТА МҰРАСЫ ЮНЕСКО-НЫҢ МӘДЕНИ МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛДІ


Сыр өңірінде соңғы жылдары болған жарқын жетістіктің бірі – Қорқыт ата мұраларының әлемдік деңгейде қайта жаңғыртылып, тарих қатпарынан орын алуы. Бұл Сыр мәдениеті үшін үлкен жетістік болды. Анығырақ айтсақ, ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында Қорқыт ата мұрасын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізу туралы шешім қабылданды. Сессия жұмысына әлемнің 217 елінің өкілдері қатысқан болатын.

– Бұл – біз үшін үлкен жетістік шыңы деп айтуға әбден болады. «Шығыс Африка еліндегі Маврикий Республикасында 217 мемлекет қатысқан ЮНЕСКО-ның 13-сессиясында» Қорқыт ата мұрасы көпұлттық номинациясы қолдау тауып, бүкіл әлемге танылды. Бүгінде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұрасының 377 элементінің 8-і қазақстандық және Қорқыт ата мұраларының енуі еді. Бұл – тек Сыр елінің ғана емес, бүкіл Тәуелсіз Қазақстанның мәртебесі. Біздің міндетіміз – Қорқыт ата мұраларын халықаралық дәрежеде насихаттау, – деген еді. Сол тұста Қызылорда облысын басқарған, бүгінде еліміздің мемлекеттік хатшысы қызметін атқаратын Қырымбек Көшербаев мәдени-тарихи мұраны қорғау жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында.

3 БЕТТЕ

COVID-19: Қызылорда «сары аймақта»

6 қыркүйектегі ақпарат бойынша Қызылорда облысында коронавирус індетін жұқтырған 79 жағдай тіркелген. Оның ішінде 45 адамнан вирустың белгілері байқалса, 34-і вирусты симптомсыз өткеруде. Осылайша 2020 жылдан бері коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны өңірде 16459 адамға жетті.



Қазіргі таңда анықталған 79 жағдайдың 24 адамы, яғни 30 проценті стационарға жатқызылған. Сондай-ақ 5 қыркүйекте өңірде КВИ-дан 159 науқас жазылып шығып, жалпы емделіп шыққандар саны 14825 адамды құрады.

Бүгінде облыс бойынша инфекциялық стационарда ем алып жатқан науқастар саны – 799. Яғни өңірдегі стационарлардың жүктемесі 52 процентті құрады. Ал реанимациялық төсек-орында 64 науқас бар. Елімізде жалпы емделіп жатқан науқастар саны 93014 адам. Оның 21074-і стационарда және 71940 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдап жатыр. Одан бөлек, 1491 адамның жағдайы ауыр, 425 пациенттің жағдайы өте ауыр деп бағаланса, өкпені жасанды желдету аппаратына 201 науқас жатқызылған.

Өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бақылау матрицасы бойынша Қызылорда облысы «сары аймаққа» енді. Ал республика бойынша «жасыл аймақта» бір ғана өңір – Түркістан облысы бар.

5 қыркүйекте Қызылордада вакцинацияның I компонентін 450 азамат салдырып, коронавируспен қарсы екенің алғашқы дозасын салдырғандар саны 266170 адамға жетті. Ал вакцинаны өңірде толықтай 216560 адам алған. Еліміз бойынша вакцинацияның I компонентін салдырған адам саны 6839097-ге жеткен. Индетке қарсы екені толықтай алған қазақстандықтар саны – 5662697 адам.

А.БІРКЕНОВ

БӨТЕЛКЕ БЕРІП, БЕЙІМІН ШЕКТЕМЕҢІЗ



Логопед қызметіне жүгінген ата-ата аналар балаларының белгілі әріпке тілі келмейтінін немесе өз қатарластарынан тілі кеш шыққанын айтып жатады. Алайда осы мәселенің шығу себебін зерттемейді. Маман есебінде осының барлығы қарапайым тұрмыстық деңгейде жіберген қателіктеріміз деп атағым келеді. Мәселен, ана сүтін еміп өскен бала мен қарапайым бөтелкемен тамақтанған баланың тілдік дамуында көп айырмашылық бар. Ана сүтіне жарыған бала ему барысында тілдік гимнастикамен айналысады. Ему үшін ауызқуыстарымен қозғалып жасайды. Ал бөтелке емген балада тілдің беткі бұлшық еттері қозғалысыз қалады. Яғни бөтелкеден сүт тамшылары еш қиындықсыз тамып тұрады. Міне, екі жағдайда өскен баланың тіл бұлшық еттерінің дамуында осы факторлардың әсерінен айырмашылық болады.

4 БЕТТЕ

ДАҢҒЫЛ ЖОЛҒА БАСТАЙТЫН СОҚПАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз. Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда», – деп атап өкен болатын. Азаттығымыздың қастерлі де құдіретті екенін Қазақстан халқы жүректен сезінеді. Ол барша жастардың бойында отансүйгіштік сезімін оятып қана қоймай, халықтың тұрмыс санасының жақсара түсуіне септігін тигізіп, ел ертеңіне сеніммен қарауға үндейді.

Жолдауда айтылған тағы бір мәселе ауыл шаруашылығының жайылымдық жерлері мен жем-шөп әзірлеу барысы туралы болды. Бұл бүгінгі күнгі қоғамдағы басты мәселенің бірі болып отыр. Биылғы болған Маңғыстау мен Арал ауданындағы қуаңшылық қарапайым шаруа адамдарын шығынға батырып, малмен

күнелтіп отырған ауыл халқына ауыр соққы болды. Бұл туралы Президент: «Жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн. Сондай-ақ егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейткен абзал. Ғарыштық мониторинг және қашықтан зондау мүмкіндігін кеңінен қолдану керек. Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды. Қазір мал

Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңда көрініс табуы керек. Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс, – деп қадап айтты.

Республика Президенті биылғы Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру алдымызда тұрған басты бағыттардың бірі екеніне



жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткені мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс. Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

тоқталды. Индетпен күресу жолында жанкешті жұмыс жасаған дәрігерлер еңбегі ерлікке пара-пар. Расымен әлемді әбгерге салған коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін үлкен сынақ болды. «Біз уақыт ұттырмай индетпен күресу шараларын дереу қолға алдық. Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі. Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде.



Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Сарапшылар басқа да індеттер пайда болатынын айтауда. Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз. Осындай жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек», – деді.

Сапалы білім беру жайы да Жолдауда жан-жақты айтылды. «Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті. Алдымызда оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа. Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынымын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін», – деді Президент.

Заманауи талапқа сай білім мен денсаулық салаларын одан әрі дамыту өңірлік саясатты жетілдірудің жолын одан әрі айқындап берді. Бес бастамадан тұратын Жолдауды төменгі жалақы көтеру, еңбекақы төлеу, тұрғын үй мәселесін шешу жолдарын көтеру туралы шешім қабылдауы – уақыт талабынан тұран көкейтесті мәселе. Бір қуанарлығы, қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басты бағыттары болып қала беретіндігі. Бұл – ұлттық тілімізге көрсетілген зор қолдау. Ел өркендеуі жолында білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне одан әрі айнала беретіндігі барша қазақстандыққа рухани қуат сыйлайды.

Басты мақсат – Жолдау жауапкершілігін сезініп, Жолдау бағыттары жарқын болашақтың көркеюінің көрінісі екенін әрбір отандасымыз шынайы сезінуі керек. Сол бағытта жұмыс жасау егемен еліміздің ертеңгі нұрлы болашағына бағдарланған игі бастама болмақ. Бұл даңғыл жолға бастайтын соқпақ іспетті.

Тұрар ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

Басы 1-бетте



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев қала орталығындағы бірнеше үйді аралап, тұрғындармен кездесті.

ХАЛЫҚТЫҢ СҰРАНЫСЫНА САЙ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК



Шаһар басшысы Ә.Бөкейхан көшесіндегі көптегерлі тұрғын үйлердің бүгінгі жай-күйін көріп, бірінші кезекте шешілуі керек мәселелерді назарға алды. №74 көптегерлі тұрғын үйдің тұрғындары қала әкіміне бірқатар шағымдарын жеткізді. Аталған тұрғын үйдің 5-ші қабатына дейін аралап көрген қала әкімі сала басшыларына тез арада көпқабатты тұрғын үйдегі ақауларды ретке келтіріп, өңіре ішіндегі тозығы жеткен жылу құбырларын ауыстыру жұмыстарын жүргізіп, халықтың сұранысына сай жұмыс атқаруды тапсырды.

Тұрғындарды мұқият тыңдап, мұн-мұқтажын ескеріп, әр мәселені егжей-тегжейлі талдаған Ғанибек Қонысбекұлы көтерілген сауалдарға байланысты зерделеу жұмыстарын жүргізіп, тиісті шаралар заң аясында қабылдауды сала басшыларына тапсырып, бірқатар міндеттер жүктеп, орындалу барысы өз бақылауында болатынын жеткізді.

АЯЛДАМАЛАРҒА ҚАЗАҚША АТАУ БЕРІЛМЕК

Бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту мақсатында тындырымды тірлік атқарып, жүйелі жұмыс істеп жүрген ұйымның бірі – «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы.



Қазақ тілін білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналдыру негізге алған Қоғамдық бірлестік 32 жылдан бері жеке дара ұйым ретінде әрекет етіп келеді. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Аңсат ұйымның атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспарын ортаға салды.

5 қыркүйек – Қазақстан Халқы тілдері күніне орай өткен брифингте Сәдуақас Әбдіқалдыұлы 1989 жылы қыркүйек айында кеңес одағы кезіндегі оңтүстік партия комитеті тұсында жеке дара ұйым болып құрылған Халықаралық қазақ

тілі қоғамының тарихынан сыр шертер тың ақпараттармен бөлісіп, бүгінгі күні маңыз берген негізгі жұмыстарына тоқталды.

Айтуынша, қазіргі таңда қала ішіндегі қоғамдық көлік аялдамаларына қазақша атау беру мәселесі қолға алынған. Ұйым бұл бастамасын облыстық ішкі саясат басқармасы және облыстық тілдерді оқыту орталығы арқылы жүзеге асыруда.

Айта кету керек, аялдамаларға қазақтың зиялы қауым өкілдерінің суреттерін қоюды да алғаш болып ұсынғандардың бірі – «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» Қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы.



Был Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті өзінің 85-оқу жылына қадам басып отыр. Сапалы білімнің мемлекет пен қоғам үшін басты құндылық, ең қымбат қазына екені сөзсіз. Білікті мамандарды даярлауда ұстаздардың еңбегі зор. Осы орайда, жана оқу жылында университеттің бірқатар оқытушы-профессорлары марапат төрінен табылды.

ОҚЫТУШЫЛАР МАРАПАТ ТӨРІНДЕ



– Бүгін білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін университеттің 6 оқытушы-профессоры Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар 1 қыркүйек – «Білім күні» аясында университеттің стратегиялық дамуына қосқан үлесі үшін 8 оқытушы-профессордың еңбегі еленді. Осы орайда, марапат иелерін құттықтай отырып, жана оқу жылында шығармашылық табыс тілеймін!», –

деді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы, Ректор Бейбітқұл Қаримова.

Мереке қарсаңында табысталған бұл марапаттар оқытушылардың қажырлы еңбегінің жемісі.

«Бүгінгі марапат – білім саласындағы бағындырылған үлкен белестің бірі деп білемін. Ұрпақ тәрбиесі, ұлт сапасы ұстазға байланысты. Сондықтан, әрбір оқытушының қызметі осылай ескеріліп жатса, мерейінің артқаны. Білім жолындағы еңбегімізді елеп, құрмет көрсетіп жатқан ұжымға алғысым шексіз. Біз оқытушы ретінде білім алушы алдында өз кәсіби міндетімізді адал атқаруды жалғастыра береміз», – дейді Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы Қыдыр Өткелбаев.

Айта кетерлік жайт, университет биылғы оқу жылын дәстүрлі форматта бастады. Оқу ғимараттары мен студенттер үйінде санитарлық талаптар қатаң сақталған. Биылғы контингент бойынша университетте 8000-нан аса білім алушы бар.



Қала тынысын айшықтайтын материалдарды әзірлеген Аслам ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕНІЗ...

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында жылу маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігін сақтау және оның алдын алу мақсатында Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменовтің қатысуымен брифинг өтті.

Баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдеріне қатты отынмен жылытылатын тұрғын үйлерде өрттің және көмірқышқыл газымен улану оқиғаларының алдын алу жайында ақпарат берілді.

2021 жылдың осы уақытына дейін Қызылорда қаласы бойынша 118 өрт оқиғасы тіркелген. Орын алған оқиғалардың басым көпшілігі тұрғын үйде (77 өрт) қарапайым өрт қауіпсіздігін сақтамаудан туындап отыр. Өрттің туындауына жол бермеу мақсатында «Өрт қауіпсіздігі айлығы» өткізілуде. Шара барысында бірінші кезекте әлеуметтік аз қамтылған осал топтан тұратын 3964 тұрғын үй



қамтылатын болады. Қала тұрғындарын жылу беру маусымында сақтық шараларын күшейтуге шақырамыз, – деді Жасұлан Түйменов.

Қазіргі таңда тұрғын үй секторындағы өрттің алдын алу мақсатында «Көмірқышқыл газынан сақтанайық», «Жылу беру маусымындағы өрт қауіпсіздігі», «Тұрғын үйде өрт қауіпсіздігі», «Отпен ойнама, балақай!» атты тақырыптарда түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ табиғи газбен қамтылмаған және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың тұрғын үйлеріне көмірқышқыл газын анықтайтын 11 дана құрылғы орнатылды.

Қорқыт ата мұрасын ЮНЕСКО тізіміне енгізу жұмыстары 2014 жылы басталып, бірқатар кездесу өткізілді. 2016-2017 жылдары Қызылорда қаласында ЮНЕСКО және ИСЕСКО (білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ислам ұйымының) көшпелі отырысы өтті. Ал 2017 жылдың ақпанында Қазақстан, Әзербайжан, Қырғыз Республикасы, Түркия өкілдерінің және Халықаралық Түркі академиясының қатысуымен сараптамалық кездесу ұйымдастырылды. Бұл – Қазақстан, Әзербайжан және Түркияның бірлескен жұмысы, оның аясында Қазақстан Қорқыт ата күйлерін қарауға ұсынған болатын.

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша «жанды мұра» деп аталатын материалдық емес мәдени мұра қоғамның ұрпақтан-ұрпаққа қалатын әдет-ғұрыптарын, дүниетанымы мен көзқарасын, білімі мен дағдыларын қамтиды. Қармақшы ауданында 1980 жылы түркі әлеміне ортақ тұғырлы тұлғасы Қорқыт атаның құрметіне мемориалдық кешен салынды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, күйші-композитор, Мұрат Сыдықовтың да талай туымды шығармалары үлкен сахналарда орындалып жүр. Өнерімен еліне танылған талантты композитордың «Теңізбен терең тілдескен, Сұлу Сырмен үндескен» атты күйлері мен әндер жинағы жарық көрген болатын. Мұрат Сыдықовтың жарыққа шығарған еңбектері – руханиятымызға қосылған сүбелі дүние. Бұлардың барлығы Сыр өңіріндегі сазгерліктің қайталанбас қолтаңбасы болып қала бермек. Сонымен қатар Бексұлтан Байқажеев, Өркен Исмайл, Айкүміс Орынбаева, Керекжан Құлмыраев секілді кәсіби композиторлардың шығарған әндері көптеген сахналарда орындалып келеді.

тауып келеді. Бұған дейін қазақтың төл өнер айтысы Мәскеу, Париж төрінде дүркіреп өтуі – соның айқын дәлелі. Айтыстың жаңа биікке көтерілуіне Сыр өңірінің де қосқан үлесі зор. Аймағымыздан шыққан айтулы сөз жүйріктері талай бәйгеңің алдынан көрінгені Алашқа аян. «Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ» деген сөз бар. Енді Сырдағы айтыс өнерінің өткеніне көз жүгіртіп өтейік. Кешегі кеңес заманында да айтысты биігінен түсірмеген Сыр шайырларының шоқтығы биік тұр. Оның бер жағында Нартай Бекежанов, Манат Көкенов, Замадин Ибадуллаев, Маханбетқали Тұрсанов, Қали Шығысов, Бекұзақ Тәжірбергенов, Серік Ыдырысов, Кенжебай Жүсіпов, секілді сөз жүйріктері аймақтың айтыс өнерін өз дәрежесінен

танытқан 1934 жылы Алматы қаласында өткен халық өнерпаздарының бірінші слеті болатын.

Облыстық филармонияның іргетасы 1972 жылы 16 қарашада Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің бұйрығымен құрылып, өз жұмысын 1973 жылдың қаңтарынан бастаған еді. Алғашқы жылдарда сазгер Тәжірберген Қалауов басшылық жасап, сол тұста «Сыр күмбезі» фольклорлық ансамблі, «Ақтолқын» эстрадалық ансамблі жұмыс жасады. Фольклорлық ансамбльге белгілі жыршы-термеші Ақмырза Тұяқбаев, әнші Фатима Төлегенова, ал эстрадалық ансамбльге Қиынбай Сақтағанов жетекшілік еткен болатын. Ұзақ жылдар бойы филармонияның бас администраторы болып

және желтоқсан айында Лондонда өткен «Super World Talent – 2020» халықаралық фестивалінен бас жүлдемен оралды.

«Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы – Мәскеу қаласындағы «Шығармашыл жастарды қолдау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасына онлайн түрде қатысып, Г.Остердің «Мазасыз тиын» қойылымын сахналап, арнайы грант иегері атанды. Камералық оркестр әртісі Р.Балмасов Ұлыбритания елінде өткен «Super World Talent – 2020» халықаралық фестивалінен бас жүлде жеңіп әкелгені Сыр жұртшылығы үшін зор мәртебе болды. Өнер ұжымдарының шығармашылық байланысын арттыру

ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН ӨНІР



2014 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша кешенге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қосымша заманауи құрылыс нысандары салынды. Жыл сайын оған 13 мың турист келеді. Мемориалдық кешен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомагистралы бойында орналасқан.

НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ДРАМА ТЕАТРА «АКАДЕМИЯЛЫҚ» МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қазандағы №800 қаулысымен «Академиялық» мәртебесі берілді. Расымен, бұл жаңалық – Сыр елі мәдениеті мен өнерінің деңгейі мен сала мамандарының тынымсыз еңбегінің жемісі. Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық театры 1955 жылы Алматы облысы театр негізінде ұйымдастырылған. Театр шымылдығы алғаш Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашылды. Ал 1960 жылы театр Қызылорда қаласына көшіріліп, 1970 жылы Нартай Бекежановтың есімі берілді. Театрдың іргесін қалаған актерлер Т.Айнақұлов, Ш.Бәкірова, Ж.Бағысова, О.Әбдімомулов, Ш.Әбдібаев, С.Шотықов, Қ.Көпбаева, А.Манасбаев, Ш.Мәрденовтер мен тұңғыш режиссері Ж.Әбілтайұлының өнерлері әуелі қауымның мәңгілік есінде. Облыстағы бірегей өнер ордасы саналатын Қазақ музыкалық драма театры ұжымы әр жылдары шығармашылық жетістіктерімен танылып, бүкілодақтық венгр, неміс, КСРО халықтары драматургиясы фестивальдарының лауреаты атанып жүр.

СЫР САЗГЕРЛЕРІ

Өнер – ұлт болмысының боямасы айнасы десек, музыка – халықтың асқақ рухының тілі. Ол асырлар бойы үздіксіз жетіліп, даму үстінде болатын жанды мәдени құбылыс. Осы орайда ән әлемінің халыққа жеткізілуі оның сазымен тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда Сыр өңірінің сазгерлері халық құрметіне бөлене білді. Осындай шығармашылық иесі табиғи талант Кеңес Дүйсекевтің қазақ өнерінде алар орны биік. Ұлттық музыка әлемін шырқау биікке көтерген көрнекті композитордың талай туындылары ән әлеміне сән беріп жүр.

Тағы бір талантты сазгер Рамазан Тайманов ағамыз. Оның 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты шыққан «Қазақ қызы» әні бүгінде республикаға кеңінен танымал болды. 1996 жылы Эстонияда өткен дүниежүзілік балалар шығармашылығы фестивалінде оның «Қызылорда жастарының әні» таңдаулы деп бағаланып, «Алтын қорға» жазылып алынды. 1997 жылы «Айналайын» фестивалінің гимні болып Рамазан Таймановтың «Айналайын» әні таңдалған. Қазіргі таңда көптеген шығармалары елімізге белгілі әншілердің репертуарында орындалып жүргенін мақтанышып атаймыз. Бұл – Сыр сазгерінің бір биігі.

Басы 1-бетте.

САХНА ТҮЛЕТКЕН ТАЛАНТТАР

Сыр топырағынан қанат қағып, қазіргі таңда күллі қазақ даласын әнімен тербетіп жүрген әншілеріміз көптеп саналады. Роза Бағланова, Мадина Ердалиева, Батырхан Шөкенов салған әуезді әндер әлі күнге халықтың жүрегінде. Сыр сахнасынан түлген талантты өнер иелерінің тағы бір тобына Құбайберген Бекіш, Жеңіс Сейдололаұлы, Жеңіс Ысқақова, Елена Әбдіқайыпова, Бақтияр Тайлақбаев, Өмірқұл Айнаязов, Алмас Қішкенбаев, Мадина Сәдуақасова сынды өнер иелерін жатқызуға болады. Бұл – талант иелерінің дауыс диапазоны жоғары. Олар – ән әлемінің бүгінгі жарық жұлдыздары. Олардың өнер жолындағы жеткен жетістіктері туған елінен берілген тектілікпен тығыз байланысты болса керек. «Маған қазақтың даласы әндетіп тұрған секілді» деп айтқан Александр Затеваич сөзінің астарында аласармас ақиқат жатыр. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Сыр сахнасынан түлген таланттар тұғыры ешқашан аласармақ емес. Өйткені олар Сырдариямен тыныстап өскен өнерпаздар.

ЖЫР ЖАМПОЗДАРЫ

Жыр – ұлттың үні. Тарихы тереңнен тамыр тартқан аймақта жыраулық өнерді ұстаушылар, шәкірт тәрбиелеп кейінгіге мұра етушілер әлі де бар. Бір кездері Жиенбай, Базар, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, Ешніяз Салдар салып кеткен сара жол Рүстембек, Нартай, Балқашбай, Көшеней Рүстембеков, Қуандық Бүрлібаев, Шәмшат Төлепова, Алмас Алматов, Рысбек Әшімов, Бидас Рүстембековтер арқылы жалғасты. Қазір Сыр бойында Жиенбай, Нұртуған, Нартай мақамдарына негізделген жыраулық өнердің бірнеше мектебі бар. Жиенбай жырау мектебі Қармақтың өңіріне тән болса, Нартай мектебі Шиелі жерінен бастау алады. Ал Арал ауданында Нұртуған шайырдың мектебі қалыптасты. Қармақты жыраулық дәстүріндегі негізгі ерекшелік ретінде дауыстың немесе ондағы мақам саздың көмеінен шығатынын айтып өтуге болады. Бұл мектептердің негізгі өкілдері ретінде Әбділда, Балқашбай, Мұзарап, Арзулла, Әбілаш, Бидас, Алмас, Құлманбек, Арнұр, Амандық, Серік, Руслан, Ұлжан, Күнсулу болып кете береді. Бұл өнерді әрі қарай жалғаушылар рухани жаңғыруымыздың өзегі болып қала береді.

Тағы бір атап өтерлігі, жыраулық дәстүрді арнайы мамандық есебінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде және Қазанғап атындағы музыкалық колледжде оқытады. Оған арнайы білім гранттары бөлініп отыр. Бұл дәстүрлі өнерге деген зор қолдау деп танымыз. Осы оқиғаны бітірген мамандар бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарып, өнер өлкесінің мерейін өсіріп жүр.

АЙТЫСТЫҢ ЖАЙЫН СӨЗ ЕТSEK...

Айтыс – халқымыздың қанына сіңген қасиет. Ат сүрінгенше ақыл табатын тапқырлық пен шешендік өнер қазаққа ғана тән. Тоғыз өнер жиынтығын бір арнада тоғыстыратын ұлы өнер дәріпті жалғасын

төмендеткен жоқ. Солардың заңды жалғасындай болған Әбілқайыр Сыдықов, Айдос Рахметов, Мамыр Байдәулетов, Мұхтар Ниязов, Нұрмат Мансуров, Мейірбек Сұлтанхан қазіргі қазақ айтысының құлагеріне айналды. Республикалық «Алтын домбыра» айтысының жеңімпазы да біздің жерлесіміз, «Айтыс ақтангері» Мұхтар Ниязов екенін мақтанышып атаймыз.

КҮЙШІЛІК ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Сыр бойы күйлері көпке дейін қазақ музыкасы саласында аз зерттеліп, насихатталуы кемшіндеу болып келгенімен, соңғы кездері кеңінен қолға алына бастады. Белгілі жыршы, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіповтің «Жиделі Байсын күйлері» деген еңбегінде осы орындаушылық мектептің күйлері алғаш



жинақталып жарық көруі – соның айғағы. Сырдың бойында ертеректе өткен Құрманай Төрөмұрат, Асан Көнек, Бекпенбет сынды күйшілердің мұралары көнеден көшкен керуендей жалғасын тауып келеді. Одан беріректе Сыр өңірінде өмір сүрген күйші-композиторлардың ішінде үш дәулескер күйшінің есімін атауға болады. Олар Мырза Тоқтаболатұлы, Әлшекей Бекпенбетұлы, Досжан Құрақұлы. Сыр бойы күйшілік дәстүріндегі көрнекті тұлғалардың бірі Мырза Тоқтаболатұлының ғұмыр кешкен, музыкалық мұрасының молынан сақталған жері – Қызылорда облысының Қазалы өңірі. Бүгінгі күні Мырза күйшінің «Асанқайғы», «Бұғының күйі», «Баулы ешкі», «Алпыс екі Ақжеленнің бауыр шешпесі», «Ташауыз» сияқты бітімі, құрылымы бөлек, композициялық жағынан оқшау тұрған жиырмадан астам күйлері белгілі болып отыр. Мырза күйлерінің басты ерекшелігі, көбінесе, транспозициялық формада құрылған. Күйдің өзі шағын 3 бөлімді шығарма іспеттес. Бұны «Жемнің ағыс күйі», «Ташауыз», «Бұғының күйі», тағы басқа да күйлерден байқауға болады. Осындай құрылымдағы күйлер, көбіне, сағасыз болып келеді. Яғни батыс күйлеріндегігі кіші, үлкен сағаларда үстіңгі ішектегі стереотип тартылмайды. Осы әдіс Сыр бойы күйлерінің көбіне тән. Мырза күйлерін, сонымен қатар Сыр бойында сақталған халық күйлерін, Құрманай Төрөмұрат, Жалдыбай күйшілер мұрасын шашау шығармай, ерекше нақышпен орындап, насихаттаушы – қазалылық дүлдүл домбырашы Нәби Жәлімбетов. Жоғарыда аттары аталған күйшілердің шығармаларымен қатар осы антологияға Жалдыбай, Қобылаш, Исламбек Ысқақов, Жалғасбай Аралбаев, Төлеген Қаражанов, Мұзарап Жүсіпов тәрізді Сыр бойында өмір сүрген күйшілердің туындылары да енгізілді.

Сырдағы күйшілік өнер Қорқыт бабадан, мүмкін одан да арғы мың жылдықтардан бастау алуы мүмкін. Қалай десек те қасиетті өнер тінін үзбей күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ӨНЕР ОРДАСЫ

Сыр еліндегі дәстүрлі орындаушылар мен эстрада және басқа да өнер жанрларын бір арнада тоғыстырып, тыңдарман талғамына сай өнер көрсетіп жүрген өңірдегі өнерлі орданың бірі – Қызылорда облыстық филармониясы. Ол Сырдың ұлы перзенті Нартайдан бастау алады. Ел арасына ақын, әнші, жыраулығымен танылған Нартайдың талантын халқына

Сәнжан Асылбекова қызмет атқарған. Одан кейінгі 1976-1980 жылдар филармония ұжымы үшін жемісті болды. Дүйсенбі Дүйсенбаев басшылық жасаған жылдарда жезтандай әнші Ұлжан Ахметованың басқаруындағы «Сыр маржаны», Сайлау Бердіқожаевтың жетекшілігіндегі «Сыр самалы» ансамбльдерінің облыстың мәдени өмірінде рөлі зор. Сол жылдарда Мұхит Әбдікәрімов, Тәжігүл Аманжолова, Күлән Қалымбетова, Сұлтан Нұрмаханов, Гүлжан Нұржанова, Шыңберген Тілеулесов, Мәди Жасекенов сынды талантты өнерпаздардың басын қосқан ансамбльдің орындаған әсем әндері әлі күнге халықтың жүрегіне жол тауып келеді. Ұжымның осы жылдары жеткен табыстары мен тәуелсіздікке қол жеткізген 30 жыл ішінде алған асулары ұшан теңіз.

«Тұрмағамбет атындағы халық аспаптары оркестрі», «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблі, «Томирис» би ансамблі, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, камералық оркестр, «Тұран» триосы, «Әдемі» балалар музыкалық театр студиясы, «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі – осы облыстық филармонияның тәуелсіздік жылдарындағы төл перзенттері. Онымен қоса, жыл сайын жеке орындаушылар мен жыршылардың қатарын талантты жастар толықтыруда. Қоғамдағы өзгерістерге қарай филармонияның материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға нығайып, заманауи техникалардың озық үлгілерімен жабдықталып келеді. Мұның барлығы тәуелсіздіктің жемісі деуге болады.

Филармонияның камералық оркестр құрамы Босния-Герцеговина, Сербия, Венгрия, Түркия мемлекеттерінде Түркітілдес елдердің қатысуымен өткен камералық

мақсатында елімізде тұңғыш рет ұйымдастырылған онлайн форматтағы «Сәлем, Елорда!» I республикалық өнер фестивалінің шымылдығы Сыр бойы өнерпаздарының «Сыр – алаштың анасы» атты концертінмен ашылды. Сыр елінде тұңғыш рет А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арнайы сахна-налып, тұсаукесер рәсімі өтті.

«ЖАСТАР ТЕАТРЫ» – ЖАҢА БЕЛЕСТЕ

Өнер саласындағы тағы бір үлкен жетістік – «Жастар театры» ашылуы. Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан 2016 жылдан бастап 16-21 жас аралығындағы шығармашыл жастардың басын біріктіріп, «Жастар театры» жұмыс жасайды. Театрға белгілі ақын, сценарист әрі режиссер, ҚР мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмаханов жетекшілік жасап келеді. Бүгінгі таңда театр репертуарында көркемдік деңгейі жоғары Қ.Жүнісовтың «Алғашқы махаббат» комедиясы, А.Атымтаеваның «Қыз қасқыр» қасіретнамасы, қазіргі заманның индеттерінің бірі нашакорлыққа, діни экстримизмге қарсы жазылған Б.Айдарбековтің «Here?» және Қызылорда қаласы күніне арнайы жазылған С.Балғаевтың «Қызылорданың қыздары» спектакльдері бар.

Шығармашылық ұжым Қызылорда қаласының 199 жылдығына орай ұйымдастырылған «Театр жәрмеңкесі» фестиваліне қатысып, қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. 2017 жылы Астана қаласы «Жастар» театрының 10



оркестрлер фестивалінде өнер көрсетті. Сонымен қатар Әзбекстан Республикасы, Навои қаласында халықаралық достықты нығайту және бауырлас халыққа қазақ жұртының мәдени мұрасын, ұлттық өнерін насихаттау мақсатында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі және жеке орындаушылардың «Сырдария достық арнасы» атты концерті өткізілді. Ақтөбе қаласының 150 жылдығы және Ф.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның 75 жылдығына орай өткен «JUBANOV TAR AYENI» халықаралық ұлт аспаптар оркестрлері және ансамбльдердің фестиваль-байқауында «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі жеңімпаз атанды. Камералық оркестр әртісі Раджапов Олимджан Камилджанұлы Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Дубай қаласында өткен III Халықаралық «JUMEIRAH SOUNDS» конкурсында II орын алды.

Камералық оркестр – Алматы қаласында өткен «ӘУЕН FEST» қазақ камералық музыка фестивалінде III орын иеленді. Өткен жылы – облыс әкімінің Қорқыт мұраларын насихаттауға арналған 5 жылдық кешенді іс-шаралар жоспары аясында «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды. Ансамбль – қыркүйек айында Украина мемлекетінде өткен «Яркемі таланты осени» фестивалінен

жылдығы мен Н.Жақыпбайдың 70 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Жанарымдағы жалғыз әуен» атты фестиваль-театр актерлары А.Алдажаров, А.Абдрахман, А.Амандосовтар шеберлік сабақтарына қатысып, сертификаттар табысталды.

А.Атымтаеваның «Қыз қасқыр» (режиссер: О.Нұрмаханов) қасіретнамасымен Шымкент қаласында өткен «Ашық алаң» атты тәуелсіз театрлар арасындағы халықаралық фестивальге қатысып, «Ерғали Оразымбетов» атындағы номинациямен марапатталды. 2018 жылы Астана қаласының 20 жылдығы мен Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы қарсаңында қала көлемінде өткізілген шараларға театр әртістері қатыстырылды. Сондай-ақ Шымкент қаласы Ж.Шанин атындағы облыстық академиялық драма театрында «Қыз қасқыр» атты қасіретнамалық қойылымын сахналап, көрермен тарапынан жоғары бағаға ие болды. Өткен жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай О.Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» трагифарс премьерасы сахналанды. Спектакль биыл жылы Қарағанды облысында өткен «Театр – талант шығармашылығы» атты халықаралық театр фестиваліне онлайн форматында қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды.

P.S. Міне, біз сөз еткен «Жастар театры» осындай үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Бұл болашақта бұдан да биік белестерді бағындыра беретінінің жарқын көрінісі. Тәуелсіздік жылдары жаңа биікке көтерілген Сыр өнері келешекте осы биігінен аласармайды деген сеніміміз зор. Бұл – өнерлі өлкенің өрісін танытады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



ҚОШ КӨРДІК, ӘЛІПШЕ!

2016 жылдан бастап оқулық «Сауат ашу» болып өзгерді. Ал 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен педагогтардың дәстүрлі тамыз кеңесінде Білім және ғылым министрі «Әліппе» оқулығын әзірлеу мәселесін көтерді. Осылайша жаңа «Әліппе» ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде жасалды. Оқулықты әзірлеу барысында министрлікке 5 түрлі баспадан дайындалған оқулықтың жобасы келіп түскен. 2020 жылдың қыркүйек айынан 2021 жылдың сәуір айына дейін «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтары мемлекеттік сараптамадан бес кезеңнен өтті. Өуелі ғылыми-педагогикалық тұрғыда, содан соң 65 қанатқақты мектепте сынақтан өткізілген. Бірнеше қалада 500-ге жуық әдіскер, мұғалім сараптама жасап, талқылап, соңында пәндік сараптамалық комиссияның қарауына берілген. Осыдан кейін 5 түрлі оқулық қоғамға ашық таныстырылып, нәтижесінде барлық талапқа сай келген бір «Әліппе» таңдалды. Осылайша еліміздегі 7 мыңнан астам мектепте «Атамұра» баспасы дайындаған «Әліппе» оқытыла бастады. Бар кітапқа бас болған әліппе ғана емес, биыл ана тілі оқулығы да қайта жазылып, басылды.

ЕРЕКШЕЛІККЕ ТОЛЫ ӘЛІПШЕ

Сонымен қайта оралған әліппенің сапасы қандай? Балаға қаншалықты ыңғайлы? Мамандардың айтуынша, қазіргі әліппеде ұлт ұстазының кітабында ұстанған дыбыстық әдіс идеясы бар. Ондағы әріптердің орналасуы оны оқуға бағытталған. Енді балалар сойлем құрауды оңай игере алуы тиіс. Жаңартылған әліппеде заманауи технология да ескерілген. Оқулықтың әр бетінде қуар-код бар. Оны сканерлеп, аудиожазбалар тыңдауға да мүмкіндік мол.

Мұндай оқулықты ұстаздар да қолдап, қуанады. Олардың қатарында білім саласында 31 жылдық тәжірибесі бар қаламыздағы С.Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық

Басы 1-бетте

технология мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Сақыпжамал Қойшығұлова да бар. Биыл бұл ұстаз 1 «Б» сыныбын қабылдады.

– Әліппемен қауышқанымызға қуаныштымыз. Қазақстанның барлық мектебінде көптен күткен оқулық салтанатты түрде табысты. Оқулықтың маңызы өте зор. Өйткені өткен гасырда да қазақ баласының сауатын ашқан ең алғашқы оқу құралы болып табылады. Бірақ 2015 жылы оқу бағдарламасынан алынып тасталғандығы белгілі. Ол кезде ұстаз ретінде бізге қиын болғандығы жасырын емес. Содан әліппенің орнына «Сауат ашу» оқулығы келген болатын. Бірақ бұл оқулық көптің көңілінен шықпады. Себебі көлемі жағынан үлкен және ішінде көп қателіктер кездесті.

Енді жаңа әліппені қолға алудамыз. Ерекшелігіне тоқталсам, бірінші бетінде ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұлының суреті қойылған. Сонымен бірге «Балалар, оқуға бар, жатпа қарап» деген білім жайлы мағыналы өлеңінің шумақтары жазылған. Оған қоса қазіргі технологияның дамыған заманында әліппеде қуар-код енгізілген. Ол бойынша смарт қосымшасы арқылы ата-ана да, балалар да пайдалана алатын мүмкіндіктер бар. Сондай-ақ көлемі жағынан да кішкентай, балаларға да тиімді. Ал «Сауат ашу» оқулығы балаларға да, ата-аналарға да ауыр болған еді. Ол оқулықтың көлемі де, салмағы да стандартқа сай келген жоқ. Мына жаңа әліппеміз балаларымыздың сауатын ашатын, білімін арттыратын оқулық болатынына сеніміміз зор, – деді ұстаз.

Бүгінде Сақыпжамал апайдың оқушылары жаңа әліппемен танысып, әріптерді үйренуді бастап кетті.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Біздің мектепте ең алғаш рет қолымызға ұстаған кітабымыз әліппе болды. Сол арқылы әріптерді үйрендік. Одан әліппемен қолтастық. Міне, енді осы дәстүрлі 2021 жылдың 1 сынып оқушылары жалғастырмақ. Олай болса, жаңа оқу жылында көптен күткен әліппені ұстаған оқушылар оқу озаттары атансын дегіміз келеді.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Күллі әлемді індет жаулап, пандемия жарияланған тұста білім саласына да үлкен өзгеріс енді. Ұстаздар жаппай онлайн форматта білім беруге машықтанып, балаларды оқытуды тоқтатады. Дегенмен оқушылар да, ұстаздар мен ата-аналар да мектепке барып оқығанды қош көрді. Биылғы оқу жылы көптің көңілінен шығып, дәстүрлі форматта білім беруді бастады.

БАЛАЛАР МЕКТЕПКЕ БАРДЫ. САНИТАРЛЫҚ ТАЛАП САҚТАЛДЫ МА?

Қаладағы 454 оқушы білім алатын Ғани Мұратбаев атындағы №171 мектеп те өз қызметін бастап кетті. 1 қыркүйек – Білім күнінде мектеп алаңында білім ошағының табылдығын атаған шәкірттерге салтанатты жиын ұйымдастырылды. Мектеп директоры Бекзат Сағындықұлы өткен оқу жылы мектеп үшін де, шәкірттер үшін де сәтті болғанын, биылғы жылы да сол деңгейден қалмауды мақсат тұтқанын айтты. «Өткен 2020-2021 оқу жылында мектебімізде 11 сыныпты 17 түлек бітіріп, барлығы да жоғарғы оқу орындарына түсті. 16 оқушы ҰБТ-ға қатысып, 10 оқушы мемлекеттік грант, 2 оқушы әкім грантын иеленді, 5 оқушы ақшыл бөлімге түсті. Биыл барлығы 454 оқушы білім алады. Оның 27-і мектеп бітіретін түлектер. Олардың ішінде 2 «Алтын белгі» үміткері бар», – деді мектеп басшысы.

Айта кетерлік жайт, биыл бірінші сынып оқушылары «Әліппемен» қайта қауышты. Салтанатты жиында мектеп директоры мен ардагер ұстаздар оқушыларға шәкірт зейінін ашуда басты оқулық саналған «Әліппені» табыстап, оқулық нәрімен сусындауда еттілік тіледі.

Жалпы биылғы жылы балалардың қауіпсіздігі мен еш келерсіз білім алуы үшін барынша жағдай жасалған. Ең алдымен оқушылардың дене қызуын тексеретін құрал, антисептик секілді қорғаныс құралдарымен жабдықталған. Одан бөлек жеке бас қауіпсіздігі де назардан тыс қалмаған. «Мектептегі қауіпсіздікті сақтау мақсатында күзет агенттігімен келісім-шарт жасалды. Олар күндізгі мектепті 07.30-19.30 аралығында кү-



зететін болады. Сондай-ақ мектепке кіреберісте арнайы турникеттер орнатылған. Мектепте «Ашық» жүйесі енгізілгендіктен, барлық ата-аналар жүйеден тексеріледі», – дейді №171 мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Мөлдір Әбдіқалиқызы.

Одан бөлек Мөлдір Медетованың айтуынша, мектеп оқушыларының сапалы білім алуы мақсатында арнайы интерактивті такталар алынған. Енді оқушылар сабаққа қатысты арнайы бейнемаатериалдарды тамашалай алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың белгілі бір пәнге деген қызығу-

шылығын арттыруға сеп болмақ. Одан бөлек өткен оқу жылында жаңадан жасақталған биология кабинеті биылғы жоғары сынып оқушыларының білім алуына едәуір үлесін қоспақ.

Жалпы биылғы оқу жылында көбінесе оқушылар мен ұстаздардың қауіпсіздігі үшін жағдай жасалған. Соның ішінде олардың санитарлық талаптарды сақтауына баса назар аударылған. Бұл туралы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Жүлдіз Төлегенова айтып берді. «Жаңа оқу жылында жақсы жаңалықтар легі көп болды. Соның ішінде оқушылардың әліппемен білім алатыны көпті қуантқаны рас. Ал дәстүрлі білім беру форматына көшу туралы жаңалық ата-аналар мен балалар үшін қуанышты жаңалықтың бастысы болғаны анық. Себебі ата-аналар көбінесе балаларының партада отырып, мұғалімнің көз алдында білім алғанын қалайды. Ұстаздар қауымына да дәстүрлі форматта білім беру жеңілрек екені сөзсіз. Ендігі мақсат оқушылардың зейінін ашып қана қоймай, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету», – дейді 1 «Б» сыныбының мұғалімі.

Расында оқушылардың барлығы мектепке барып оқытаны жақсы жаңалық қатарынан табылғаны анық. Көк экранның артында телміріп отырғаннан гөрі, партада отырып білім алған, сыныптастарымен етене араласқан тиімді. Енді тек сабақты шарасын қатаң сақтап, ілім мен білім жолында аянбай еңбек ету қажет.

А.НУРАЗҒАЛИ



Баланы өмірге әкелуді жүйелі түрде жоспарлау керек. «Болашақ ананың денсаулығы, психоэмоционалды жағдайы қалыпты ма?» деген сауалдарды толық қанағаттандыратындығына көзжеткізу шарт. Бұлардың барлығы баланың дамуына әсер етеді, соның ішінде тілдік дамуына ерекше қатысты. Одан кейін баланы немесе нәрестені «кішкентай» деп көп дүниені елеусіз қалдыруға болмайды. Олардың өз психологиясы болады. Сондықтан балаңыздан артық не кем оғаш қылықтар байқасаңыз, дереу маман көмегіне жүгінгеніңіз абзал. Мәселен, логопед пен дефектолог деген бір саланың егіз қозысындай мамандықтар бар. Ара-жігі алыс болғанымен, екеуінің де негізгі зерттеу жұмысы – баланың тілі. Логопед – баланы айта алмайтын дыбыстарын түрлі жаттығу, массаждар арқылы қалпына келтірсе, дефектолог болса балалар арасынан психофизиологиялық даму ерекшеліктері бар балаларды анықтап, әлеуметтік ортаға бейімдей отырып, оқытып-үйрететін, сөйлеу машығын қалыптастыратын қызметі неғұрлым ауқымды маман. Бұл дегеніңіз дефектолог маман денсаулығында қандай да болсын кінәрат анықталған балалармен жұмыс істейді деген сөз. Арнайы білім беретін балалар осы қос мамандықпен тығыз жұмыс жасайды.

Біз өз балаларымызға көп шектеу қоямыз. Мәселен, күнделікті үйде теледидар немесе гаджет ойнаған баланың денсаулығына зиян деп оны шектейміз. Сөз жоқ, ондағы бейне-

Басы 1-бетте

БӨТЕЛКЕ БЕРІП, БЕЙІМІН ШЕКТЕМЕҢІЗ



лердің лездігі, түр-түстілігі, жылдам ауысатындығы бала психологиясына, оның ішінде ерекше ақпараттар қабылдауына әсер етеді. Алайда шектеу қойылған дүниенің орнына оны ауыстырушы зат табу керек. Мәселен, теледидардан шектесеніз, оның орнына далада бірге қыдырып келіңіз. Яғни шектеу деген баланы бос, қараусыз қалдыру деген сөз болмауы керек. Оны дым түсінбейді деген түсініктен аулақ болу керек. Баланың ғұмырлық түсінігі бейсаналық шағында қалыптасады. Сондықтан онымен көп сөйлесіп, көп қозғалту керек. Баланың бар қажеттілігі қиындықсыз орындалып тұрғанда онда даму тежеледі. Мәселен, ол «су ішемін», «тамақ жеймін» деген

секілді ишарамен болсын белгі бермесе, онда даму болмайды. Қалғанын айтып қалмай орындасаңыз, қиындық келтірсеңіз. Сондықтан баламен көп сөйлесіп, оған таңдау қалдырып, кері байланыс жасағанын күтіңіз. «Шырын ішесің бе, әлде су ма?» дегенде бала таңдау жасап, өз қалауын сізге жеткізу керек. Осы секілді қарапайым амалдар арқылы баланың тілдік дамуын ілгерілетуге болады. Сондықтан баланы «жалқау зат» ретінде қарастырып, онымен көп сөйлесуге шақырамын. Бұл дүниелердің барлығы арнайы білім беруді қажет ететін балаларға да қолданылады. Бала өзіне қажет екенін сезгенде оған тырысады және оны орындайды.

ҚҰРТ ЖЕП, СҮЙЕК МҮЖІГЕН ЛӨЗІМ

Арнайы білім беруді қажет ететін балаларды отбасында тәрбиелеуді де үй жағдайында ұйымдастыруға болады. Жоғарыда айтылған қателіктерді түзеп көріңіз. Тіпті логопед маман ретінде баланың кішкентайынан құрт сорып, сүйек мүжігенін қолдаймын. Бұл тіл бұлшық еттерінің қозғалысына әкеледі. Шыныққан қозғалыста тұратын тіл сөйлеуге бейім келеді. Көбіміз «Баяғыда баланың тілі ерте шығатын еді» деп жатамыз. Ол – рас. Себебі ертеректе балалар құрт сорып, сүйек мүжітін. Оның не үшін керек екендігін жоғарыда айттық. Қазіргі қолданыстағы тамақтың да бала дамуына кері әсер ететіндігін түсінуіміз керек. Бүгінде балалар тек жұмсақ тамақтарды жейді. Кішкентай балаларға тәтті иогурттар, банан секілді жұмсақ жемістерді көптеп береміз. Бұл тіс пен қызылдеттің бекімеуіне алып келеді. Бұл да тілдің дұрыс шықпауына себепкер болатын факторлардың бірі. Құрт жеп, сүйек мүжіп жүрген ауыл балаларының арасында арнайы білім беруді қажет ететіндері жоқ деседі болады. Оған тағы бір себеп ауылда мысық, ит, қой, жылқы, сиыр секілді үй жануарлары көп. Оның өзі бір терапия деп айтқым келеді. Сондықтан балаларды жануарлар әлемімен етене еткенде де пайда бар.

ТЕНТЕК БАЛАЛАР

Өткен уақыт пен қазіргі шақты салыстырып көрейік. Бұрынғыда асыр салып ойнайтын балалар уақыт өте келе заман талабына сәйкес үйге қамалды. Доп теуіп, жүгіріп, талдан талға секіретін балалардың әрі кеткенде смартфондарда саусақтары ғана қозғалатын болды. Алайда қазіргі балалардың ішінде гиперактивті балалар болады. Олардың ішкі энергиясын шығаруымыз қажет. Яғни баяғы «тентек балалардың» шаршап келіп, ұйықтай кететіндігін әкелуіміз керек. Көбіне үйде де, балабақшаларда да баланың тыныш отыруын талап етеміз. Қажет уақытта бала ішкі энергиясын шығармағандықтан оның дамуында кедергілер пайда болады. Оның ішінде тілдік дамуы тежеледі. Үй жағдайында аулада асыр салып ойнаған бала мен қалада төрт қабырғада қамалып өскен баланың тілдік дамуында айрмашылық бар. Рас, ауылдық жерлерде арнайы білім беруді қажет ететін балалар сирек кездеседі. Ол да баланың ішкі энергиясын шығарып, ойнағанынан болса керек.

ЕРТЕГІНІҢ ЕМІ

Балаларға арнап шытырман оқиғалы ертегі жазатын ертегіші Гейман Нил 2007 жылы Қытайға барған сапарында ерекше дүниеге көз жеткізеді. Бұрындары балалар жанрын қолдай қоймаған мемлекет

неге аяқастынан ертегіге көңіл бөле қойды деген сауал туындап, қытайлықтардан сұрайды. Өздеріңіз білетін қытай халқы өндіруге бейім. Алайда оны өздері ойлап таппайды, тіпті дамытпайды. Озық жобаларды қаз-қалпында көшіріп өндіре береді. Бұл амалдарын әлем экономикасында көпке бармайтынның білген олар әлемдік алпауыттардың құрылтайшыларының тәжірибесін білмекке АҚШ-қа Apple, Microsoft, Google секілді тіршілігін түсірінен қалыптастырған мықтыларға делегация жібереді. Аса өзгешелік таппаған олар соңғы күні атаулы алпауыттарды құрған адамдардың кішкентай кезінен ертегі оқығанын, өсе келе қиял-ғажайып жанрда кітап көп оқығанын анықтайды. Сонымен не керек, келе сала ел көлемінде ертегі жазуды, оны шығаруды және оқуды қолға алады. Арнайы білім беруді қажет ететін балаларға үй жағдайында көптеп ертегі оқу арқылы бейімдеу, тәрбиелеу керек дегім келеді. Ол оның ойлау қабілетін дамытады. Ондай балалар сөйлеуге, тануға ұмтылады.

Міне, арнайы білім беруді қажет ететін балаларды отбасында тәрбиелеуді осындай секілді қарапайым дүниелерді ескерсек, балалардың дамуында ешқандай кедергі болмайды. Тіпті аталған кеңестерді орындасақ өз қатарластарынан, шектік жастан бұрын тіл шығу деректері де жұмыс жоспарымызда кездескен.

Таңшолпан ҰЛЫҚБЕКҚЫЗЫ

Меншік иесі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1012)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардың нұсқалары редакция көзқарарымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлна» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4242 Тапсырыс №1297

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ